


Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме бойынша аралық, қорытынды аттестаттаудың мазмұны және олардың қашықтықтан оқыту шартына сай бейімделуі



Тулеубаев Данияр Ергалиулы
+7-705-567-68-25
baig92@mail.ru



ТЖКБ ұйымдарының **міндеті**

-

базалық және **кәсіптік**
құзыреттіліктерді меңгеруді
көздейтін оқытудың
модульдік-құзыреттілік
тәселдемесін қашықтықтан сапалы
жүзеге асыру

Модульдік-құзыреттілік
тәсілдеменің оқытудың
модульдік жүйесінен айрықша
белгісі:
мамандық (біліктіліктер)
бойынша белгілі бір
құзыреттіліктерді қалыптастыру
мақсатында пәндік-білімдік
тәсілдемемен интеграциялануы

Оқытудың модульдік-құзыреттілік тәсілдемесі бойынша оқу үрдісінің элементтері:

- модуль құрамындағы **басты (ерекшеленген) пән** және **ағымдық** пәндер;
- (ағымдық) пән (модульдік бірлік) бойынша сынақ;
- модуль бойынша сынақ;
- модуль бойынша емтихан.





Модульдерге біріктірілген пәндер бойынша оқу уақытының көлемін анықтау тізбегі



*Модуль бойынша сынақтың және модуль бойынша емтиханның мазмұны мамандықтың өзектендірілген жұмыс оқу бағдарламасынан анықталады, яғни міндетті түрде **оқыту нәтижелеріне негізделеді** және **бағалау критерийлері** арқылы тексеріледі.*

Техникалық және кәсіптік білім берудің
«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» мамандығы бойынша
үлгілік оқу бағдарламасы

Білім беру коды және бейіні: 1300000 – Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар. Информатика және есептеу техникасы
Мамандығы: 1304000 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)
Біліктілік: 1304012 – Электрондық есептеу машиналарының операторы
1304043 – Техник-бағдарламашы

Базалық және кәсіптік құзыреттер	Модульдің атауы	Модульге қысқаша шолу	Оқыту нәтижелері және бағалаудың өлшемшарттары	Модульді қалыптастырушы пәндер
Базалық модульдер				
БҚ 1. Кәсіптік қызмет аясында кәсіптік лексиканы қолдану	БМ 01. Кәсіптік қызмет аясында кәсіптік лексиканы қолдану	Бұл модуль кәсіби қызметте қазақ (орыс) және шетел тілінде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасауға қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды сипаттайды. Модульді зерделеу нәтижесінде білім	Оқыту нәтижесі: 1) Өзінің кәсіптік қызметі саласында тілдесу үшін қазақ (орыс) және шетел тіліндегі грамматика мен терминологияны меңгеру. Бағалаудың өлшем шарттары: 1. Кәсіптік қатынасу үшін қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық материалды меңгереді. Мамандығы бойынша терминологияны қолданады.	Кәсіптік қазақ (орыс) тілі Кәсіптік шетел тілі

КМ 03. «Жұмысқа дайындалу, икемдеу және компьютердің бағдарламалық-аппараттық қамсыздандыруына қызмет көрсету, сондай-ақ бағдарламалық қамсыздандыруды тестілеу»
кәсіптік модулі бойынша **емтихан** материалының мысалы

Модульдің оқыту нәтижелері:	Бағалау критерийлері:	Модуль бойынша емтихан тапсырмалары:
1) Бағдарламалық қамсыздандырудың операциялық жүйесін орнату, икемдеу, оңтайландыруды орындау.	<p>1. Бағдарламалық қамтамасыз етудің құрамы мен құрылымы және операциялық жүйелер туралы түсінігі бар.</p> <p>...</p>	1. Windows 10 операциялық жүйесін, кеңселік және қолданбалы бағдарламаларды орнатуды, баптауды, оңтайландыруды орындау
2) Операциялық жүйелерді орнату және икемдеу жүргізу.	<p>1. Операциялық жүйелерді құрудың ерекшеліктерін ажыратады.</p> <p>2. Операциялық жүйе мен бағдарламалық қамсыздандыруды орнату мен икемдеуді жүргізеді.</p> <p>3. Жабдықтардың драйверлерін орнатады.</p> <p>...</p>	<p>2. ДК-ге көпқызметтік құрылғыны орнату және баптау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу</p> <p>3. ДК-дегі деректерді оңтайландыру, архивтеу және антивирустық қорғанысты баптау</p>
3) Операциялық жүйелерді желілік және жаһандық ортасын басқару.	<p>1. Қолданушы интерфейсінің түрлерін ажыратады.</p> <p>2. Есептік жазбаларды басқарады, қолданушылардың жұмыс ортасының параметрлерін икемдейді.</p> <p>3. Желілік параметрлерді икемдейді.</p> <p>...</p>	4. 10 (он) қолданушыдан тұратын және түрлі интерфейстердегі аутентификациясы бар ерекшеленген серверлі сымсыз жұмыс жергілікті-есептеу желісін құру.

Аралық аттестаттау материалдарын қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану шартындағы бейімдеу мысалы



Модульдің оқыту нәтижелері:	Жағдаят	Бейімделген тапсырмалары:
1) Бағдарламалық қамсыздандырудың операциялық жүйесін орнату, икемдеу, оңтайландыруды орындау.	1. <i>Үй шартында (мысалы, көптен бері іске қосылмаған) дербес компьютерді жұмысқа әзірлеу.</i>	1. Симулятордан операциялық жүйені орнатуды орындау
2) Операциялық жүйелерді орнату және икемдеу жүргізу.	...	2. Операциялық жүйенің қалыпты жұмыс ортасын көрсету 3. Принтерді (жалпы үйдегі бар шеткері құрылғыны) орнату
3) Операциялық жүйелерді желілік және жаһандық ортасын басқару.	...	4. Компьютер құрылғысын локальдық-есептеу желісіне қосу.

Білім алушылар берілген тапсырмаларды **жеке жоба** ретінде орындап, видео-материалын оқытушыға алдын ала жібереді, **емтихан** кезінде 15 минут уақытта **демонстрациялап, сұрақтарға** жауап береді.

Аралық аттестаттау материалдарын қашықтықтан оқыту шартына бейімдеу мысалы.

БМ 01. «Кәсіптік қызмет аясында кәсіптік лексиканы қолдану» базалық модулі

Модульдің оқыту нәтижелері:	Жағдаят	Бейімделген тапсырмалары:
1) Өзінің кәсіптік қызметі саласында тілдесу үшін қазақ (орыс) және шетел тіліндегі грамматика мен терминологияны меңгеру.	<i>1. Компьютерлік техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу мекемесінің қызметкерінен орыс және ағылшын тілдеріндегі</i>	Интервью алуды жүргізу бойынша келесілерді орындаңыз 1. Интервью мәтінінің жоспарын әзірленіз
2) Кәсіби бағыттағы мәтіндерді аудару (сөздікпен) техникасын меңгеру.	<i>және жөндеу мекемесінің қызметкерінен орыс және ағылшын тілдеріндегі</i>	2. Интервьюдің жазбаша формасын рәсімденіз
3) Қазақ (орыс) және шетел тіліндегі кәсіби диалогтік сөйлеу тілін енгізу.	<i>онлайн-интервью</i>	3. Интервьюді видеоға түсіріп, оны видео-хостингте жариялаңыз (субтитр қолдану арқылы)

Білім алушылар берілген тапсырмаларды **жеке жоба** ретінде орындап, демонстрациялық материалын оқытушыға алдын ала жібереді, **сынақ сабағы** кезінде жоба бойынша **сұрақтарға** жауап береді.

Қорытынды аттестаттау процедурасы



Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларында (ҚР БжҒМ 18.03.2008 ж. №125 бұйрығына 2-қосымша, ҚР БжҒМ 25.09.2018 №494 бұйрығы редакциясында) толығырақ баяндалған

Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы ҚР БжҒМ 01.04.2020 ж. №123 бұйрығына өзгертулер және толықтырулармен қашықтықтан білім беру технологияларына сай бейімделген



1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы
130408 2 - «сандық және электронды құрылғыларды, компьютерлік желілердің жөндеуші»
біліктілігінің **қорытынды аттестаттауы**

Жұмыс оқу жоспарына сәйкес КМ 03, КМ 04, КМ 05 кәсіптік модульдері бойынша қорытынды (кешенді) **емтихан** жүргізуді көздейді.

Кәсіптік құзыреттіліктер

Тапсырмалар



КҚ 3. Компьютердің бағдарламалық-аппараттық қамсыздандыруын жұмысқа дайындау, икемдеу және қызмет көрсету, сондай-ақ бағдарламалық қамсыздандыруды тестілеу

1. ДК жинау, бағдарламалық-аппараттық қамтамасыз етуін орнату, жұмысқа қабілетін тестілеу; жөндеу және жаңғырту бойынша іс-шаралар жоспарын құрастыру



КҚ 4. Ерекшеліктің графикалық тілін қолдана отырып, жобалық және техникалық құжаттаманың құрамдастарын әзірлей отырып, орта деңгейдегі бағдарламалау дағдыларын қолдану

2. Визуалдық бағдарламалау (таңдауы бойынша) ортасында деректер базасы мен қолданушылық интерфейсі бар Жөндеушінің автоматтандырылған жұмыс орны БҚе құрастыру.



КҚ 5. Web технологияны қолдана отырып, web парақшаны құру.


3. Сервистік орталық сайтын құру

Тапсырмаларды орындау үшін –
6 астрономиялық сағат;
Әрбір тапсырмалар бойынша
практикалық нәтижені көрсету
және баяндауға - **7 минуттан**
регламент беру
көзделсе...



Видеоға жазылып орындалатын, оффлайн жұмысты көздейтін **жобалық тапсырма.**

Қорытынды аттестаттау *емтиханына* бөлініп, бекітілген уақытта **онлайн** режимдегі **презентация;**



Аттестаттау комиссиясының қоятын сұрақтарына берілген **жауаптар** бойынша **бағалау** ұсынылады.



Модернизациялану үстіндегі техникалық және кәсіптік білім жүйесінде қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану:

- сандық оқыту технологияларын мейлінше пайдалануға жол берді;
- құзыреттілікке негізделген тәсілдемені жүзеге асыру сапасын арттыруға жағдай жасады;
- жаһандық технологияларды күнделікті тәжірибемізге кірістіруге мүмкіндік берді деп есептеймін!

